

# КӨКШЕТАУЛЫҚ ДІН ҚАЙРАТКЕРІ МОМАҚАН ӘЛИЕВТИҢ ҚОСАЛҚЫ ТҰЛҒАЛЫҒЫ (HYBRID IDENTITY)

<sup>1</sup>А. Бекболат, <sup>2</sup>Е.Н. Кайрбеков

## АҢДАТПА

Көкшетаулық ғалым, 1958 жылы Ташкент қаласында өткен 2-құрылтайда Қазақстан қазиятының наиблігіне (көмекшілігі) қызметіне сайланып 1969 жылға дейін осы қызметті атқарған Момақан Әлиевтің өмірін жалпы алғанда 7 түрлі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алайда сол әрбір кезеңнің өзі Момақан Әлиевтің уақыт өткен сайын не заманына қарай бөрікін киуге мәжбүрлеген не болмаса ұстанымын сол кезеңге бейімдеп өзгертіп отыруына себепші болған. Момақан Әлиев, осы қиын қыстау кезеңде кез келген сәтке бейімделіп тұлғалығын (identity) әрдайым, жағдайға сай өзгерте жүріп қосалқы (hybrid) өмірдің арқасында тірі қалды. Осы қосалқылық жалпы оның қолжазбаларында, өмірлік ұстанымында да үлкен өзгерістердің негізі болғандығы анық. Біз осы мақаламызда Момақан Әлиевтің қандай кезеңдерде қандай өзгерістерге бейімделуге мәжбүр болғандығын анықтамақпыз.

**Түйін сөздер:** Момақан Әлиев, қосалқы тұлғалық (hybrid identity), дін, тарих.

<sup>1,2</sup> Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
А. Бекболат,  
adil\_kz.tr.87@mail.ru

*Мақаланың сілтемесі:*

А. Бекболат,  
Е.Н. Кайрбеков.  
Көкшетаулық дін қайраткері  
Момақан Әлиевтің қосалқы  
тұлғалылығы (Hybrid  
Identity) // Адам әлемі. –  
2022. – No. 1 (91).  
– С. 159-169.

## Гибридная идентичность (Hybrid Identity) религиозного лидера Кокшетау Момакана Алиева

**Аннотация.** В целом жизнь Момакана Алиева, ученого из Кокшетау, избранного в 1958 году в Ташкенте на 2-ом курултае на должность руководителя (помощника) казията Казахстана и проработавшего в этой должности до 1969 года, можно разделить на 7 различных периодов. Однако каждый из этих этапов обусловлен тем, что Момақан Алиев со временем был вынужден подстраиваться под требования времени, либо адаптировать свою позицию в соответствии с периодом. Момақан Алиев, в этот непростой период, выжил благодаря гибридной (hybrid) жизни, адаптируясь к любой ситуации, всегда менял свою личность (identity) в соответствии с ситуацией. Очевидно, что эта двойственность в целом послужила основой больших изменений как в его рукописях, так и в его жизненной позиции. В этой статье мы определим, на каких этапах Момақан Алиев был вынужден адаптироваться к изменениям.

**Ключевые слова:** Момақан Алиев, гибридная личность (hybrid identity), религия, история.

## Hybrid Identity of the Religious Leader of Kokshetau Momakan Aliyev

**Abstract.** In general, the life of Momakan Aliyev, a scientist from Kokshetau, who was elected in 1958 in Tashkent at the 2nd kurultai to the position of the head (assistant) of the kaziyat of

Kazakhstan and who worked in this position until 1969, can be divided into 7 different periods. However, each of these stages is because Momakan Aliyev, over time, was forced to adapt to the requirements of the time, or to adapt his position following the period. Momakan Aliyev, in this difficult period, survived thanks to a hybrid (hybrid) life, adapting to any situation, always changing his identity (identity) under the situation. This duality as a whole served as the basis for great changes both in his manuscripts and in his position in life. In this article, we will determine at what stages Momakan Aliyev was forced to adapt to the changes.

**Key words:** Momakan Aliyev, Hybrid Identity, Religion, History.

### ***Kіpіcne***

Көкшетаулық ғалым, әрі дін қайраткері болған Момақан Әлиев жайлы екіншіше орай көп зерттеулер жасалмады. Өз қолымен Сәдуақас Ғылыманиге (1890-1972) жазып тапсырған таржума-и халінен (өмір баянынан) [1, 280-332 бб.] басқа ауқымды зерттеу жұмыстар жүргізілмеген. Біз осы мақаламызда Момақан Әлиевтің (1897-1969) өмірін 7 кезеңге бөліп қолға алмақпыз. Алайда сол әрбір кезеңнің өзі Момақан Әлиевтің уақыт өткен сайын не заманына қарай бөрікін киуге мәжбүрлеген, не болмаса ұстанымын сол кезеңге бейімдеп өзгертіп отыруға мәжбүрлегендігін байқаймыз. Жалпы алғанда қазақ даласының тарихын түрлі ұлт өкілдері, түрлі мақсаттарда, түрлі саяси идеологияда әзірлегендігі баршамызға мәлім [2, 1-6.]. Алайда халық ішінен шыққан, ішкі көзқарасты ортаға салып, халықтың ойын жеткізген жандар саусақпен санарлықтай болды. Мұның бірден бір себебі, әрине сол кезеңдегі құйтұрқы саясаттың ақиқатты жасырып, не болмаса өзгертіп көрсетуінде. Ал шындықты айтпақ болғандарды халық жауы деген жалған жаламен қуғын сүргінге ұшыратып, елім дейтін ерлердің санын азайта берді. Тағдырдың сыйы ма әлде туа біткен болмысынан дейсіз бе, Момақан Әлиев осы қиын қыстау кезеңде кез келген сәтке бейімделіп тұлғалығын (identity) әрдайым, жағдайға сай өзгерте жүріп қосалқы (hybrid) өмірдің арқасында тірі қалды. Тек тірі қалып қана қоймай дін жолында алға қойған мақсатын орындап, кейінгі ұрпаққа мұра қалдыра білді. Өкінішке орай сол мұралары бүгінгі таңға дейін әлі зерттелмей келеді.

Бұған дейін біз Момақан Әлиевтің өзі жазған өмір баяны төңірегінде қысқаша зерттеулер жүргізген едік. Әлиевтің өзі баяндап кеткен Қарта Қаңтарбаевқа табысталған қолжазбасын Алматы қаласындағы ҚР Білім және ғылым министірлігіне қарасты Ғылым Ордасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған “Түрік-Қазақ тарихы” атты еңбегінің, автордың өз қолымен жазған араб жазулы нұсқасы және Қарта Қаңтарбаев тарапынан машинка арқылы кирилл әріпіне түсірілген нұсқасы толығымен скан жасалып зерттеуге алынды [3, 243 б.]. Зерттеу барысында Көкшетау қаласының Оңтүстік Шығысындағы кіреберіс тас жолында орналасқан қабірінде тарихи және археографиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеу нәтижесі хаттамаға алынды [4, 109-6]. Момақан Әлиевтің артта қалған ұрпақтарымен кездесулер өткізіліп, қолдарында сақталып қалған Момақан Әлиевтің мұралары толығымен тізімделіп, скан нұсқалары тиісті папкаларға алынды. Сонымен қатар ұрпақтарының ойында қалған естеліктері аудио таспаға жазылып, кейіннен хаттама жасалып тіркелді [4, 115-117 бб.].

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты, басты кейіпкеріміз Көкшетаулық имам, 1958 жылы Ташкент қаласында өткен 2-құрылтайда Қазақстан қазиятының наиблігіне (көмекшілігі) қызметіне сайланып 1958-1969 жж. аралығында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы қазияның найыбы/көмекшісі қызметін атқарған, “Қазақ тарихы”, “Түрік тарихы”, “Қазақ шежіресі”, “Қазақ-Түрік тарихы” және

әлі түпнұсқасы табылмаған, алайда бар екендігі бірнеше жерде айтылған [4, 77-81 бб.; 9, 70 б.] төрт қолжазбаның авторы Момақан (Оразхалық) Абдолжаппарұлы Әлиевтің қосалқы тұлғалығы (hybrid identity) жайлы сөз қозғамақпыз.

### **Әдіснама**

Бұл мақаламыздың мақсаты аталмыш тұлғаның осы күнге дейін зерттелмеген тұстарын зерттеп, Кеңестік дәуірде Қазақ даласында өмір сүрген дін қайраткерлерінің көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары қандай кезеңдерде қай бағытта өзгеріп отырғандығын Момақан Әлиевтің мысалында анықтау. Осы мәселенің маңыздылық деңгейін ортаға салу және ұлы даланың төрінен шыққан дін қайраткерінің ғылым жолындағы талпынысын көрсету. Сондықтан да алға қойған мақсатқа жету үшін Момақан Әлиевтің артта қалған ұрпақтарымен кездесулер өткізіліп, артта қалған еңбектері зерттелді. Тікелей қолжазбалардан, яғни бірінші деңгейлі материалдардан алынған деректер мен Момақан Әлиевтің өзге жандармен жазысқан хаттары басты назарға алынды.

Бұл жолғы мақалада Момақан Әлиевтің өмірін: Ресей империясының бала тағдырындағы орыны, дін жолындағы алғашқы қадам, ескі (қадим) оқу жүйесінен жаңа (жәдитік) оқу жүйесіне өту кезеңі, кеңес үкіметі және имамдық, қуғын-сүргін мен қара жұмыс, Қазақстан қазиятының наіблігі және ақтық сапар деп жеті кезеңге бөліп әрбір кезеңді жеке-жеке талдауға тырыстық.

### **Ресей империясының бала тағдырындағы орыны**

1897-1913 жылдар аралығы. “Муштабид царизм патша үкіметі қазақ халқын забт етіп болғанша алдастырып, Орымбор муфтиясына (махкама-и шар’иясына) қаратып тұрады да, жауыз

миссионерлері Ильминский, Череванскийлердің түзген *лайихасы* бойынша (сол уақыттағы законлар *маджмуасының II жилді*, 1142-інші *маддасына бина’ан*) ақыры қазақ халқын 1863 жылы 23 февральда Орымбор мүфтилігінен бөліп жібереді.

Ондағы ойлары ақыры: қазақ *степной*, оқымаған қараңғы халық, олар бізге тез көнеді. Оларды христиан дініне кіргізіп аламыз, деген арам ойлары болды. Сол ойларына жету үшін “Инжіл” (Библия) кітабын мұсылманшаға аударып, Архиерей (патриарх) 1892 жылы әкеп, Көкшетау қазақтарына ал деп, *таклиф* қылды, қорқытты, зорлады. Неңдей батыр, сол жіберген Библия кітабыны Қанай Қосдәулет Тәттімбетұлы деген кісі етегіне салып, біздің Құранымыз бар, сол жетеді, бұл кітаптың бізге керегі жоқ деп, Архиерейге апарып тастады. Архиерей еш нәрсе істей алмады. Патша үкіметі осыны Науанның үгітімен болды деп, Науан Хазіреттен көрді. Соның себебінен бұрынғыдан қатты қыспаққа алды, үстіне жаңдармдардан аңдушы қойды...” [1, 190 б.], деп Сәдуақас Ғылмани өз кітабында жазып кеткен. Ресейдің шіркеу тарихшысы болып табылатын Архимендрит Киприан, сол кездегі Қазақ даласына жолданған миссионерлердің бірі “Қырғыздарды (Қазақтарды) орыстандыру саясаты шеңберінде мынаны айтуға болады. Кез келген қазақты христиан дініне шоқындыру дегенің оларды көшпелі өмірден отырықшылыққа бейімдеу деген сөз. Орыс наным сенімі болып табылатын христиандыққа (православ) дініне өткізу деген сөз. Надан Қырғыздар (Қазақтар) үшін бұл дегенің дінін ауыстыру емес керісінше орыстану деген ұғымға келеді. Шоқыну дегенің олар үшін өздерінің өмірлік салтынан бас тартып, киім киуінен тартып күнделікті тіршілігінен толығымен өзгеру деген сөз” делінген [5, 450 б.]. Демек сол өңірдегі халық арасында дінімізден ажырасақ ұлттығымыздан

да ажырап қаламыз деген қорқыныш болған. Бұл кезең Момақан Әлиевтің дүниеге келуінен бұрын болған. Алайда осы оқиғалардың желісі Момақанның бала кезіндегі тағдырына тікелей әсер етсе керек.

Әлиев өзі: “1897 жылы Октябрь айында ескіше атауы бойынша Көкшетау облысы, Көкшетау ауданы, Аймақ (үшінші) советінде Тәттібай шаруашылық ауылында, бүгінгі таңдағы атауы Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Абай советінде дүниеге келдім”, дейді [1, 281 б.]. Ал егер Момақан Әлиевтің 1956 жылда өзі толтырған “кадрларды тіркеу жеке парақшасы” (личный листок по учету кадров)-ндағы мәліметке сүйенер болсақ, 1890 жылы дүниеге келдім, деп көрсетеді. Бұл жердегі айырмашылықтың себебін алдыңғы еңбектерімізде ашып көрсеткен едік [4, 102-103 бб.].

Өзінің өмір баянын жазған кітабында болсын, кейіннен Момақан Әлиев жайлы жазылған газет беттеріндегі [6, 5 б.], мақалаларда болсын оның бала кезінде кигіз үйдің ортасында жанып тұрған пешке қолын күйдіріп алғандықтан, кейіннен науқастанып бірнеше мәрте ота жасатуына да себеп болған осы қолы болатын, ата-анасы баланың өзге іске жарай алмайды деп шешіп дін жолына берген делінген. Демек діни білімнің қоғам арасындағы бағалану деңгейі сол кезеңдерде өзге тұрмыстық тіршіліктен төменірек болса керек. Бірақ бұл жерде тоқталмағымыз ол Әлиевтің дін жолындағы алғашқы бастамасы ата-анасының шешімімен болғандықтан осы жолда сапарын бастаған. Бұл кезеңде кедейліктің қиындығы сүйегіне сіңгендігін де атап айтқан. Алайда мәселені тек бір жақты ғана емес, сол кезеңдегі елдің жағдайына да назар салып байқар болсақ, халық ішінде діннен ажырап қаламызба деген қорқыныштың да болғандығын байқаймыз. Сол кезеңді сипаттап жазылған романдардың өзінде орыс мектептерінде оқуға түскен жас-

тарды шоқыншақ, орыс тсс. лақап аттармен келеке қылғандығы баяндалады. Мұның себебі әрине адам бойындағы құндылықтың алдыңғы қатарда тұруынан болса керек. Жоғарыдағы Қосдәулет Тәттімбетұлының іс әрекетінен де соны көреміз. Бұрын соңды көрмеген дүниеден бойын алып қашу әрекеті. Әрине халықтың салт дәстүріне әбден сіңген ислам дәстүрінен бірден бас тартуы оңай болмайды. Сол себепті халық балаларын діни оқуға беруге, тым болмағанда ауыл молдаларының алдынан өтсін деген ойы да болған. Абайдың “жасымда ғылым бар деп ескермедім” атты өлеңіндегі “Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім”, - деген жолдардың астарында, әркімнің ойының түбінде жатқан, балам ақ пен қараны ажыратып біліп жүрсін деген ойды көрсетеді. Осының бәрін ескере келе Момақан Әлиевтің дін жолындағы сапары Ресей патшалығының саясатының салдары мен ата-анасының шешімінен басталғандығын көрсетеді.

### ***Дін жолындағы алғашқы қадам***

1913-1916 жылдар аралығы. Көпшілікке мәлім болғандай Момақан ауыл молдаларының алдындағы оқуына көңілі толмағандықтан, Науан Хазіреттің медресесіне барып түседі. Бұл кезеңдерді жоқшылықтың салдарынан жазғы демалыстарында жалданып жұмыс істеп тапқан ақшасымен оқу кезеңін жетіспеушілікпен өткізгендігін баяндаған [1, 280-284 бб.]. Алайда қанша қиын кезең болса да Момақан молда өзінің зеректігімен ауыл адамдарының көзіне түсіп, Тәшен қажы іспетті ауқатты адамдардың жәрдемін де көрген [4, 17-18 бб.]. Момақан Әлиевтің негізгі діни білімі мен араб тілін меңгеруі осы Науан Хазірет пен кейіннен Әлиасқар Айтқожаұлы кезеңінде қалыптасқан.

Жалпы алғанда осы Науан Хазіреттің алдында қадим (ескі) оқу жүйесімен

тәлім алғандықтан, білім берудің бұл жүйесі дұрыс емес деген шешімге тоқталған. Алайда осы жерде тоқтала кетуі өте маңызды деп есептелетін бір мәселе бар. Ахмет Зеки Велиди Тоган өзінің кітабында; Науан Хазірет жайлы “Науан Бұхара да оқыған әрі заманауи адамдармен де тығыз қарым қатынастағы ой өрісі терең жан еді... 1902-жылы орыстардың құйтұрқы әрекеттерінен сөз қозғап, халықтың толқуына себеп болған басылым Қазақстанда гектографта (hactograph) басылып шыққан екен, соның салдарынан кейбір жандар, солардың ішінде Көкшетаулық атақты ғалым Таласұлы Наурызбай (халық арасында Науан Хазірет) шәкірттерімен бірге сүргінге айдалып кеткен екен” [7, 346 б.] деген. Сондағы туындайтын сұрақ Наурызбай Таласұлы жәдиттік жүйеге толық ене алмауының себебі, өкіметтің оны қыспаққа алуынан болды ма, әлде өзінің толығымен осы оқу жүйесіне бере алмағандығынан болды ма? Әрине бұл сұрақтың жауабын кейінгі мақалаларымызда бере жатамыз. Ал кәзір осы алып тұлға мен басты кейіпкеріміздің арасындағы қарым қатынастағы қайшылықтарға тоқталмақпыз.

Білім жүйесінің өзгеріске ұшырау кезеңі де Ресей империясының құлауы мен Кеңестің жүйенің орнығуына тікелей қатысты болса керек. Ал енді осы екі үлкен ауыспалы кезең Момақан Әлиевтің көзқарасына да үлкен өзгерістер енгізген. Жазбаларында Науан Хазіреттің шәкірттерінің Әлиасқар Айтқожаұлының оқу жүйесін баста менсінбей жүріп кейіннен мойындағандығын былай деп жазған: “Науанның шәкірттері менсінбей жүргенде, сол 7 жылдың ішінде, аяқ астында қалғаны аз уақыттың ішінде мағлұм болды. Оны өздері му’тариф болды” [4, 22 б.] деген. Яғни бұл жерде Әлиев дәлелмен көрсетуге тырысқан. Бұл Момақан Әлиевтің бір көзқарасқа қадалып қалмайтын,

әрдайым жаңашылдыққа ашық тұлға екендігінің, әрі екі жүйенің ортасындағы айырмашылықты салыстырып, таразыға тарта білу қабілетіне ие екендігінің көрінісі деуге әбден болады. Міне осы қабілетінің арқасында болса керек, әрдайым заманына сай әрекет ете білген. Осының бәрі Момақан Әлиевтің қосалқы тұлғалығының (hybrid identity) нышаны.

### ***Ескі (қадим) оқу жүйесінен жаңа (жәдидтік) оқу жүйесіне өту кезеңі***

(1916)1917-1923 жылдар аралығы. Бұл Кеңестік жүйенің орнаған кезеңі еді. Осы кезеңді Момақан Әлиев Әлиасқар Айтқожаұлының қолында өткізген. Осы мерзім ішінде Момақан Әлиевтің жаңаша оқу жүйесін (жәдидшілдікті) мақұл көргендігін байқаймыз. Науан Хазреттің қазасынан кейін медреседе ұстаздық қызметі Әлиасқар Айтқожаұлы басқарған. Оның шәкірттерінен 1920-жылы Кенжебай Тоқсарыұлы, Әбутәліп Пәкизеұлы және Момақан Абдолжабарұлы мүдәррістік (ұстаздық) деңгейге қол жеткізген [8, 31 б.]. Осылайша Момақан молда кейіннен келген шәкірттерге сабақ жүргізеді әрі Әлиасқардың хатшысы болып қызмет атқарады. Кейіннен кітап жазуына және қолға қалам алуына басты үлес қосқан осы кезеңдегі хатшылық қызметі екендігін атап айтқан [4, 23 б.]. Әлиасқар Айтқожаұлының кезеңінде дін қызметі мемлекеттік мекемелерге тіркеліп, қарқынды дами бастағандығын да жеткізеді. Осы орайда туындайтын сұрақтың бірі де Науан Хазіретпен бірге Сібірге айдалып барып келген Әлиасқар Айтқожаұлының қызметтерін Үкімет қолдап жіберді ме? Кейіннен Науан Хазіретпен келісе алмай жеке шығып кетіп оқу орнын ашқан Әлиасқардың Үкіметпен байланысы қаншалықты болды?

“Отаршыл билік жүргізген мемлекеттік білімге балама ретінде елдегі қуат-

ты мәдени-ағартушылық қозғалыс – жәдидшілдік пайда болғаны тарихи тұрғыдан дәлелденген. Алайда кеңестік тарихнамадағы бұл тарихи шындықтың өзі әдейі бұрмаланып, “панисламизм”, “пантюркизм” сияқты саяси белгілерге ие болды. Осылайша, отаршыл билік бастаған жәдидшілдік идеясын саяси түрде басып-жаншу кеңестік тоталитарлық режим кезінде жалғасып, қатаң идеологиялық сипатқа ие болды. Жәдидтердің білім беруді жаңғырту туралы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, бұл идеяларын кеңес өкіметі мүлде қабылдамады және мойындамады. [18, 148 б.]. Сол себепті кейіннен Үкіметтің берген тапсырмасын орындамаған деген сылтаумен 3 жылға Қарабасқа жер аударылған да осы Әлиасқар [1, 202 б.] еді.

Бұл сұрақтардың жауабын ілгеріде талқылай жатармыз. Тақырыпқа қайтып оралар болсақ Момақан Әлиевтің көзқарасында діни оқу жүйесіне өзгерістің керек екендігін қалыптастырған кезең осы кезең болса керек. Содан кейін 1923 жылы үкімет заңымен медресе жабылады [4, 23 б.]. Медресенің жабылуы Момақан Әлиевтің дін қызметінен кетуіне себеп бола алмайды, ол дін қызметін ары қарай жалғастырады.

### **Кеңес үкіметі және имамдық**

1923-1928 жылдар аралығында Момақан Әлиев имамдық қызметін бастайды. Бұл кезеңде өзінің түрік тілінде уағыз айта бастағандығын жазған [4, 23 б.]. Бір қызығы Момақанның кітапханасындағы кітаптардың көпшілігі Осман империясынан жарық көрген кітаптар [4, 73-76 бб.]. “Жалпы ХХ-ғасырдың бас кезінде жұма уағыздары мен хұтбалар араб тілінде оқылғандығы мәлім. ХХ-ғасырдың басына дейін бақа елдерде де араб тілінен өзге тілдерде уағыз айту сынды әрекет байқалмаған. Түрік тілінде уағыз айту мәселесіне

қатысты алғашқы ресми деректер 1908-жылы Қазандық Халим Сәбиттің “Сыраты Мустақим” журналында жариялаған “Хұтбалар жайында” атты мақаласында көрініс тапқандығы баяндалған” [9, 576 б.]. Бұл да бір жаңашылдықтың көрінісі болса керек. Себебі Момақанның бұл әрекетіне сол кезеңнің Файзуррахман Сарықұл сынды молдалардың “Хазірет бұлай түрік тілінде уағыз айтқан жоқ” деп қарсы шыққандығын жеткізген [4, 23 б.].

Момақан молданың тарихқа деген қызығушылығы осы кезеңде бастау алған болса керек. Ол көбінесе түрік тіліндегі уағыз және тарих кітаптарын жинаған. 1926 жылы имамдық қызметінен де жоғарылап кеңесшілік қызметіне тағайындалады. Әлиасқар Айтқожаұлының көмекшілігін атқарып жүреді. Үкіметтің дінге қарсы жүргізген саясатының құрбанына айналған Әлиасқар Айтқожаұлы 3 жылға айдауға кетеді [1, 202 б.], ал 1928 жылы имамдарға салық салынады. Момақан, туыстары жинап берген малды сатып салығын төлейді. Ата-анасының қалауымен дін жолына келген Момақан молда бұл жолы туыстарының өтінішімен дін жолындағы сапарын тоқтатады. Бұл жерден де Момақан Әлиевтің жағдайды өзіндік сарапқа салып сол сәтке сай шешім қабылдағандығын байқаймыз.

### **Құғын-сүргін мен қара жұмыс**

1928-1956 жылдар аралығы. Имамдық қызметінен кеткеннен соң, Момақан өзінің туған елі Тәттібай аулына барады. Оқушы оқытып үйренген молда жарты жыл көлемінде ауылдағы ересектерге діни тәлім бере бастайды. Сонымен қатар саяси сабақ бергендігін де айтады. Содан кейін 1928–1930-шы жылдар аралығында колхозда есепші-хатшы болып жұмыс атқарады.

“1925-1933 жылдар аралығында большевиктердің атеизм саясаты Қазақстанда терең із қалдыра бас-

тады. Мешіттерді жабумен қатар, Қазақстандағы барлық имамдар, дін өкілдері мен молдалар жаңадан құрылған Кеңес мемлекетіне салық төлеуге міндетті болды. 1925 жылдан бастап мұсылмандық діни бірлестіктер, имамдар, мүстаһибтер мен мүтәуәллилер 1918 жылы жұмыс комитеттерімен бірігіп құрылған «Өзара көмек комитетінің» бюджетіне міндетті салықтарды төлей бастады. Бірақ бұл кезеңде Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарының мұсылмандары аштықтан қырылды. Мысалы, 1922 жылғы шілдеде Қазақстан Орталық сайлау комиссиясында «Аштық» Орталық Комитетінің қызметі туралы ОГПУ есебінде мынадай дәлелдер келтірілген: 1922 жылдың 1 мамыры мен 15 шілдесі аралығында Ақмола облысындағы аштар саны 400 мыңнан 450 мыңға дейін жетті. Мемлекеттен түскен ақпарат халықтың апатты жағдайын айғақтайды. Мәселен, Атбасар ауданындағы Петропавл, Көкшетау, Моғаналы, Ақмола аудандарында халық ашаршылыққа ұшырауда. Кейбір жерлерде адамдар суррогат болып, өлексе жейді, каннибализм жағдайлары тіркелді» - делінген [17, 179 б.]. Осындай қиын қыстау кезеңінде Момақан Әлиев мемлекеттің күштеуімен ба әлде өз еркімен ба қара қызметке көшкен.

1930-шы жылдың аяғында Степняк ауылына барып, 1936-шы жылдың аяғына дейін ат пен Продснабқа (Продовольственное снабжение) транспорт қызметкері болып (ат арба айдап) жұмыс істейді.

1937-ші жылы май айынан бастап құрдасы Жармағамбет Әлжанұлының шақыруы бойынша, шет Целиноград облысы, Ақсу руднигіне барып, Масалы деген жерге орналасады. Сонда 1939-шы жылдың тамыз айына дейін Өспенке (Успенская) деген ферманың артеліне мүше болып кіріп, жұмыс атқарады.

Онан кейін сол артелде бас маман-етікші болып, 1948-ші жылдың сәуір ай-

ына дейін істейді, план (тапсыры) орындап жүреді. Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында сол артельде қызмет атқарады. Ударник болып, облысқа делегат болып бардым, дейді. Қолының кемістігіне қарап әскерге бармай қалады.

Сонан кейін өзінің қалауымен Көкшетау облысы, Красноармейск районына көшіп келіп, Прирешен ауылындағы май зауытына жұмысқа кіреді. 1948-ші жылдың маусым айынан 1955-ші жылдың тамыз айына дейін осы май зауытында қызмет атқарады. Тұқымда сылт жоқ кедей болғандықтан осы уақытқа дейін не кәмпескеленгенім жоқ, не сотталғаным жоқ, қолымның кемдігінен әскерге барғаным да жоқ, дейді [4, 25-28 бб.]

Ал Сарбас Ақтаев болса өзінің Ақиқат журналында жазған “Науан хазірет және оның шәкірттері” атты мақаласында “Момақан Әлиевке аз-кем тоқтала кеткен артық болмас. Кезінде діндар деп қудаланып, біраз жыл Алтай өңірінде жүріп қайтқан ол алпысыншы жылдары оралып, Көкшетау мешітінің бас имамы болды. Арғы-бергі тарихты терең білетін, ғұлама кісі екен. “Қазақ-түрік тарихы” деген кітап жазып кетіпті. Өзі дүние салған соң қолжазбасы Омбы жақтағы біреулердің қолына түсіп, одан бір аспирант арқылы Керекуге келеді. Оны жергілікті университеттің профессоры, ғалым Ермек Өтебаев араб әрпінен қазіргі жазуға түсіріп, “Ақиқат” журналына жолдағаны бар. Содан жарияланған үзінділер оқырман жүрегіне жол тауып, жылы қабылданды...” [10, 75 б.; 11, 70 б.] деген. Сонымен қатар Момақан Әлиевтің Сібірге содан кейін Алтай өңіріне жер аударғандығы туралы да бірер сөз айтылған [11, 70 б.]. Бұл дерек өте қызықты дерек. Себебі Момақан Әлиевтің өз атын өзгертуін алдыңғы еңбектерімізде белгілі бір себептерге байлай алмаған едік. Алайда осы жерден келіп Момақан Әлиев 24.11.1967 жылы

өз қолымен жазған жеке парақшасында атын және туған жылын өзгертіп көрсеткендігінің [4, 102-103 бб.] негізгі себебі көрінгендей болады. Бірақта қолымызда нақты дерек болмағандықтан мұның басты себебі ретінде сол айдауда болғандығын көрсетпеуге тырысуында болуының ықтималы жоғары деген пайым ғана айта аламыз. Ал енді қара жұмыс істеген орындары жайлы өзінің жазып кеткендерінен басқа нақты деректер жоқ.

### **Қазақстан қазиятының наублігі**

1956-1969 жылдар аралығы. 1956-жылы 4-ші қазанда Көкшетау мешітіне ресмитүрде имам болып тағайындалады. Бұл жолы дін жолындағы қызметіне өз еркімен белсене кіріскен Момақан Әлиев мешіт салу, қор ашып мешіт қызметтерін дамыту, өлең жазу, кітап жазу сынды істерге белсене кірісіп кетеді. Әлиевтің бұл белсенділігі үкімет назарынан әрине тыс қалмайды. Ішкі істерден арнайы тағайындалған қызметкерлер тікелей келіп тексеру жасап бақылап жүреді. Тіпті Момақан Әлиевтің өлімі жайлы жазылған есепте, жергілікті дін істері жөніндегі атқарушы мекеме өкілі С. Елеусізовтің оң көзқараста екендігі байқалады [12, 1-2 бб.]. 1958-жылы Қазақстан Қазияы найыблігіне сайланып өмірінің соңғы сәтіне дейін осы қызметте қалады. Сонымен қатар осы жылдардағы жазған еңбектері Момақан Әлиевтің атын шығара бастайды. Қарта Қаңтарбаевпен танысады. Қарта Қаңтарбаевпен таныстығынан кейін артында ғылыми еңбек қалдыруға деген талпынысынан Момақан Әлиевтің ғалым ретінде қалыптасуға тырысқандығын байқай аламыз. Себебі ол бұрын жазған еңбектерін іріктеп бір кітапқа жинап Қарта Қантарбаевтің қолына табыстайды [3, 1-242 бб.].

### **Ақтық сапар**

Момақан Әлиевтің ұлы Жантемір Әлиев әкесінің соңғы сапарын “Әкеміздің жаназасын Хакім Омаров шығарды. Сәдуақас Ғылмани, Геккиев және Қаңтарбаевтар жаназасына қатыса алмаған, артынан телеграмма жолдаған. Хакім Омаров мәйіт шыққан үйден тамақ ішпейді, жетісі, қырқы деген болмайды, деп, біраз шу шықты. Жаназаға келген молдалар көп болды, мешітке де, үйге де симай кетті” [4, 115-116 бб.] деп суреттеген. Алайда жергілікті дін істері жөніндегі атқарушы мекеме өкілі С. Елеусізовтің жазған хатында Момақан Әлиевтің өлімі туралы мына мәселелерге тоқталған:

Мұсылмандар арасында әдетке айналып келе жатқан діни рәсімдердің еш бірі орындалмай, қарапайым түрде жерленді,

Мешіт өкілдерінің айтуы бойынша Әлиев өмірінің соңғы күндерінде, өзінің жерленуіне қатысты әрі ауызша әрі жазбаша өсиет қалдырып:

1- Күнәсінің кешірілуі үшін Құран бағыштамауын,

2- Қаржылай немесе қабыр басындағыларға зат күйінде садақа берілмеуін,

3- Көп мал сойдырып, қабірден қайтқандарға ас берілмеуін,

4- Жерленгеннен соң қабір басында молдалардың жиналып құран оқымауын,

5- Тек мешітке ғана жаназа намазын оқып шығаруын,

6- Күнәсін сатып алу үшін молдаларға ақша таратылмауын, сұраған және молданың бұл әрекетінің өзге имамдар тарапынан қош көрілмегендігін, сенім өкілдері арасында жаңа бір әдет ретінде қалыптасқандығын жергілікті дін істері жөніндегі атқарушы мекеме өкілі С. Елеусізов есеп парақшасында айтқан. Алайда көпшіліктің мұны жөн деп қабылдағандығын да айтады. Ал жергілікті молдалардың табыс таба алмағандықтан қарсылық



білдіргендігіне тоқталған. Тіптен кейбір дін қызметкерлерінің аса қадірлі бас имамды кәпір іспетті жерледі деп наразылық танытқандығын да жазған.

“Шынына келгенде имам Момақан Әлиев көне дәстүрлерге қатты бой алдырмайтын тұлға еді”, - деп те айтып өткен. Ал Хакім Омаровтың жаназада болуын, оның көңіл сұрай келіп қазаға тура келгендіктен осы жаназасын шығарды деп көрсеткен [12, 1-2 бб.]. Жоғарыда атап айтқандарымыздың бәрін осы Момақан Әлиевтің соңғы сапарындағы сәт суреттеп тұрғандай. Демек Момақан Әлиев белгілі бір шаблонмен өмір сүретін тұлға емес. Ол әрдайым жаңашылдыққа, өзі дұрыс деп тапқан жолға талпынуға тырысқан. Белгілі бір пікірде не болмаса ұстанымда қадалып қалмаған. Әрдайым қолда бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз ойындағысы мен дұрыс деп шешкендерін халыққа жеткізуге тырысқан.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде Момақан Әлиевтің әр кезеңде қосалқы тұлғалығы (hybrid identity) байқалып отырған. Оның ішінде қазақ ретінде қазақы тұлғалығы мұны өмірінің соңында “Қазақ шежіресі” [13] мен “Қазақ тарихын” [14] жазу арқылы ортаға салған. “Керісінше, әлсіз байланыстарға негізделген қоғамдар абстрактілі индивидтер немесе дерексіз институттар қоғамымен сәйкестендіруге мүмкіндік беретін шағын отбасы/туыстар желісінен тыс жақсы мінез-құлыққа ықпал етеді” [19, 908 б7] демекші оның отбасының қалауымен балалық кезінен медреседе тәлім алып дін жолын оқығандықтан мұсылмандық тұлғалығы да қалыптасқан. Мұны “Түрік тарихы” [15] атты еңбегінде мұсылмандықты қалай қорғаштап алға шығарғандығынан аңғара аламыз. Бұл еңбегінде Ислам тарихын өзінің көзқарасы тұрғысынан талдап, сол тарихқа жалпы Түркілер-

мен қатар Қазақ даласындағы ислам өркениетін және ислам тарихын жазуға тырысқандығын аңғарамыз. Сонымен қатар Кеңес үкіметінің кезеңінде өмір сүргендіктен Кеңестің адам ретінде де айрықша тұлғалығы (identity) да қалыптасқан. Дін жолынан бас тартып үкіметтің ырқына бағынуынан осыны аңғарамыз. Медреседегі ескі оқу жүйесін сынға алып жаңа оқу жүйесін қолдауынан жәдитшілдік көзқарастың аз да болса ұшқыны байқалады, бұл да оның тұлғалығында (identity) бір орын алған. Өмірінің соңғы кезеңіндегі Қазақстан мұсылмандары басқармасының төраға орынбасарлығын атқаруы кезеңіндегі өзін дін қызметкері әрі ғалым ретінде қабылдауынан оның тұлғалығында тағы бір жаңа қыр пайда болғандығын байқай аламыз. Тіпті өмірінің соңғы сәтіндегі ақтық сапарының өзін әдеттегіден өзгеше рәсімделуін талап етуінен, оның мүлдем қосалқы тұлғалылыққа (hybrid identity) ие екендігін айқын байқай аламыз. Осының бәрін жалпы алғанда Момақан Әлиевтің өмірінде түрлі кезеңдерді бастан кешіре жүріп, сол кезеңдерге бейімделіп әрдайым өзгеріп отырғандығы айқын көрініс табады.

Баршамызға мәлім болғандай 1919 жылдан бастап қазақ даласынан шыққан Алаш қайраткерлері үкімтпен күресу тәсілдеріне біршама өзгерістер енгізген еді. Сол өзгерістердің нәтижесінде 1920-1929 жылдар аралығында қазақ даласында оқу-ағарту, баспасөз, ғылымның барлық салаларын қамтыған оқулықтар, қазақ ән-күйінің нотаға түсіріліп таспаға жазылуы, театрлардың ашылуы және т.с. өзгерістер байқалып жатты [16, 4-бет]. Алайда дін саласында қандай өзгерістердің болғандығы еш жазылмады. Не болмаса жасырын жазылып отырды. Міне осы тұрғыдан қарағанда әрі дін қайраткері, әрі өзіндік бір деңгейде артына із қалдыруға ұмтылған ғалым Момақан Әлиевтің өмірі маңызды орынға ие деп еспетейміз.

### Әдебиеттер тізімі

1 Ғылмани, С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. – 1 том/ Жауапты шығарушылар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк. – Алматы: Дайк-Пресс, 2013 574 б. + 8 жапсырма.

2 Қойгелдиев, М. Бақылаудағы тарих: Біз одан арғы алдық па? [Электронный ресурс]. URL <http://egemen.kz/article/271755-baqylaudaghy-tarikh-biz-odan-aryla-aldyq-pa?fbclid=IwAR3cDF4YxRoJAFJNQyEMGH3E1Fx9q2JbZN6JFIZESGBCC6jTntBf5Nw2ybc>

3 Әлиев, М. Қазақ-Түрік Тарихы, Машинкаға теруші Қарта Қаңтарбаев, – Алматы, – 1969. – 242 б. Алматы қаласында ғылым ордасында 1672 №1 Момақан Әлиев Түрік Тарихы араб қ/ж 1969 жыл тапсырған Қарта Қ., Папка №1672. I-II (папканың ішіне тігілген).

4 Бекболат, Ә. Қазақстандағы ислам мәдениеті: Момақан Әлиевтің мұрасы. – жауапты ред. А.К. Муминов. – Астана, 2017. – 130 б.

5 Крипиан, А. О настоящем положении Киргизский противомусульманской миссий Омской епархий и о желательной ее реорганизаций. Миссионерский съезд в городе Казань, – 1910. – 444-465 бб.

6 Бекен, Т. Тарих. Таным. Тағлым. – Көкшетау газеті. 8-ақпан – 2007.

7 Zeki Velidi Togan, A. Bugünkü Türki ve Tarihi. – Стамбул. – 1981. – 696 б.

8 Муминов, А. Акмолинская школа в исламских науках // Исламтану және араб филологиясы мәселелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – 2019. – 27-36 бб.

9 Мараш, И. Еділ мен жайық аймағындағы мұсылмандар және жәдиттік пікір // “Халықаралық түркі әлемінің ислам дініне қосқан үлестері” атты жинақ. – Спарта/Түркия. – 2007. – 569-580 бб.

10 Ақтаев, С. Науан хазірет және оның шәкірттері // Ақиқат журналы. – 2001. – №:7. – 68-70 бб.

11 Әлиев, М. Қазақ тарихы туралы бірер сөз // Ақиқат журналы. – 1997. – №2 ақпан. 70-74 бб.

12 ҚР Ұлттық архивіндегі Көкшетау облысы дін істері жөніндегі жауапты кеңесші С. Елеусізовтың, облыстық қызметші депутаттары кеңесінің төраға орынбасары Сәрсенен Н.Ж. ға 26 Тамыз 1969 жылғы нөмірі 50-і хаты.

13 Әлиев, М. Қазақ Шежіресі. Қолжазба. Көкшетау қаласы. – 03.06.1966. – 191 б.

14 Әлиев, М. Қазақ-Түрік Тарихы. Қолжазба, Көкшетау қаласы. – 03.06.1966. – 190 б.

15 Әлиев, М. Түрік Тарихы. Қолжазба, Көкшетау қаласы, – 01.05.1966. – 179 б.

16 Әбікенов, Ж. XX ғасырдағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен қызметінің бағыт-бағдарлары.. [Электронный ресурс]. URL [http://melimde.com/pars\\_docs/refs/74/73477/73477.pdf](http://melimde.com/pars_docs/refs/74/73477/73477.pdf)

17 Kurmanaliyeva, A. “Atheism and Cultural Security Policies In Yesevi Territory: Islamic Policy of Soviet Administration In Kazakhstan Between 1920-1940”. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırmaları Dergisi. Yaz 2020. – №94. – 171-189 bb.

18 Tursun, M.K. “Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnical Deformation”. Artículos Utopía y Praxis Latinoamericana. (JULIO-SEPTIEMBRE) – №23. – 2018. – 147-157 bb.

19 Alesina, A. and Giuliano, P. “Culture and Institutions”. Journal of Economic Literature – 2015. – 53(4). – 898–944 bb.

### Transliteration

1 Gylmani, S. Zamanamyzda bolgan gulamalardyn gumyr tarihtary [Biographies of the Islamic scholars of our times]. –1 tom/ Zhauapty shygarushylar: A.K. Muminov, A.J. Frank. – Almaty: Dajk-Press, 2013 574 b. + 8 zhapsyrma.

2 Kojgeldiev, M. Bakylaudagy tarih: Biz odan aryla aldyk pa? [History in Control: Did We Get Rid of It?] [Jelektronny resurs]. URL <http://egemen.kz/article/271755-baqylaudaghy-tarikh-biz-odan-aryla-aldyq-pa?fbclid=IwAR3cDF4YxRoJAFJNQyEMGH3E1Fx9q2JbZN6JFIZESGBCC6jTntBf5Nw2ybc>

3 Aliev, M. Kazak-Turik Tarihy [Kazakh and Turkish history]. Mashinkaga terushi Karta Kantarbaev, – Almaty, – 1969. – 242 b. Almaty kalasynda gylm ordasynda 1672 №1 Momakan Aliev Turik Tarihy arab k/zh 1969 zhyl tapsyrgan Karta K.” Papka №1672. I-II (papkanyin ishine tigilgen)

4 Bekbolat, A. Kazakstandaғы islam madenieti: Momakan Alievtin murasy [Islamic culture in Kazakhstan: the legacy of Momaqan Aliyev]. – zhauapty red. A.K. Muminov. – Astana, 2017. – 130 b.

5 Kripian, A. O nastojashhem polozenii Kirgizskij protivomusul'manskoj missij Omskoj jeparhij i o zhelatel'noj ee reorganizacij [On the present position of the Kyrgyz anti-Muslim missions of the Omsk eparchies and on its desirable reorganizations]. Missionerskij s'ezd v gorode Kazan', – 1910. – 444-465 bb.

6 Beken, T. Tarih. Tanyim. Taglym [History. Cognition. Learning]. – Kokshetau gazetі. 8-ақпан – 2007.

7 Zeki Velidi Togan, A. Bugünkü Türkili ve Tarihi [Today's Turkic and Its History]. – Stambul. – 1981. – 696 b.

8 Muminov, A. Akmolinskaja shkola v islamskih naukah [Akmola School in Islamic Sciences] // Islamtanu zhane arab filologijasy meseleleri halykaralyk gylymi-tazhibelik konferencija materialdar zhinagy. – 2019. – 27-36 bb.

9 Marash, I. Edil men zhajyk ajmagyndagy musulmandar zhane zhadittik pikir [Idil Ural Region Muslims and Jadidism Thought] // "Halykaralyk turki aleminin islam dinine koskan ulesteri" atty zhinak. – Sparta/Tyrkija. – 2007. – 569-580 bb.

10 Aktaev, S. Nauan haziret zhane onyn shakirtteri [Hazrat Nauan and his disciples] // Akikat zhurnaly. – 2001. – №7. – 68-70 bb.

11 Aliev, M. Kazak tarihy turaly birer soz [A few words about Kazakh history] // Akikat zhurnaly. – 1997. – №2 ақпан. 70-74 bb.

12 KR Ul'ttyk arhivindegi Kokshetau oblysy din isteri zhonindegi zhauapty keneshi S.

Eleusizovtyn, oblystyk kyzmetshi deputattary kenesinin toraga orynbasary Sarsenov N.Zh. ga 26 Tamyz 1969 zhylygy nomiri 50-i haty.

13 Aliev, M. Kazak Shezhiresi [Kazakh Chronicle]. Kolzhazba. Kokshetau kalasy. – 03.06.1966. – 191 b.

14 Aliev, M. Kazak-Turik Tarihy [Kazakh and Turkish history]. Kolzhazba, Kokshetau kalasy. – 03.06.1966. – 190 b.

15 Aliev, M. Turik Tarihy [Turkish history]. Kolzhazba, Kokshetau қаласы, – 01.05.1966. – 179 b.

16 Abikenov, Zh. XX gasyrdagy ul'ttyk intelligencijanyn kalyptasuy men kyzmetinin bagyt-bagdarlary [Directions of formation and activity of the national intelligentsia in the XX century]. [Jelektronnyj resurs]. URL http: (material pajdalanylған күн 21.10.2021) https://melimde.com/pars\_docs/refs/74/73477/73477.pdf

17 Kurmanalyeva, A. "Atheism and Cultural Security Policies In Yesevi Territory: Islamic Policy of Soviet Administration In Kazakhstan Between 1920-1940". Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırmaları Dergisi. Yaz 2020. – №94. – 171-189 bb.

18 Tursun, M.K. "Colonial Nature of Public Education as a Factor of Ethnical Deformation". Artículos Utopía y Praxis Latinoamericana. (JULIO-SEPTIEMBRE) – №23. – 2018. – 147-157 bb.

19 Alesina, A. and Giuliano, P. "Culture and Institutions". Journal of Economic Literature – 2015. – 53(4). – 898–944 bb.

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Адилбек Бекболат*

PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Нұрлан Евфратович Қайрбеков*

PhD, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Адилбек Бекболат*

PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

*Нурлан Евфратович Кайрбеков*

PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

*Adilbek Bekbolat*

PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

*Nurlan Kairbekov*

PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan